АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТЕМИРСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

31.07.2025 № 192

Шұбаркұдық кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

пос. Шубаркудук

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» №297 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскесінің көлемі 2,4875 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі **А.Жақсылықов**

002531

Темір ауданы әкімдігінің
2025 жылғы «31» «07» №
№ 192 қаулысына қосымша

Саудада (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	1,5	Асьфалт зауытын орналастыру және құрылыс материалдары алаңы үшін	Темір ауданы, Алтықарасу а.о., Алтықарасу ауылы
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2000	Жазғы демалыс орынын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Кеңқияқ а.о., Кеңқияқ ауылы
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,3375	Кемпинг орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Саркөл а.о., Шұбарши кенті
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2500	Мал сою пунктін, мал бордақылау алаңын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Шұбаркұдық ауылдық округі, Шұбаркұдық кенті
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2000	Мал сою пунктін, мал бордақылау алаңын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Темір ауданы, Шұбаркұдық ауылдық округі, Шұбаркұдық кенті
Жиынтығы, га			2,4875		